

ӨӘЖ: 343.3/.7

Қамбаров Азамат Қамбарұлы

заң ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті
e-mail: aza_kambarov@mail.ru

Стамбеков Еркебулан Бейбутұлы

заң ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті
e-mail: ereke_91_09@mail.ru

Жанатаева Меруерт Әсетқызы

заң ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті
e-mail: Zhanataeva95@mail.ru

ЗАҢСЫЗ ТҮСІК ЖАСАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Мақалада заңсыз түсік жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы қарастырылды. Заңсыз түсік жасау қылмысының құқықтық заңнамамен реттеудің бағыттары ұсынылған.

Түйін сөздер: заңсыз түсік, демография, әлеуметтік факторлар

В статье рассматривается уголовно-правовая характеристика незаконных абортів. Предложены направления правового регулирования преступления незаконного аборта.

Ключевые слова: незаконные аборты, демография, социальные факторы.

The article deals with the criminal law characteristics of illegal abortions. The directions of legal regulation of the crime of illegal abortion are proposed.

Key words: illegal abortion, demography, social factors.

Қылмыстық заң қоғамдық қатынастардың барлығын емес, оның ішінде құнды, маңызды дегендерін ғана қорғайды және ол қатынастар өзгеріп отырады. Олардың өзгеруі көптеген мән-жайларға байланысты: ерекше тарихи кезеңге, уақыт ағымына, қандай да бір нақты жағдайға және т.б. Қылмыстық қолсұғушылықтан қорғалатын аса маңызды қоғамдық қатынастардың шеңбері ҚК-де анықталған: «адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, меншік, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қоршаған орта, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығы, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделері, бейбітшілік пен адамзатқауіпсіздігі. Қорғалатын объект маңызды болса, соған сәйкес қылмыс та қауіпті болып саналады, соған орай оны қылмыстық-құқықтық қорғауда қатаң түрде жүзеге асырылады.

Бүгінгі күннің күн тәртібіндегі басты мәселе – халықтың санын арттырып, саналы ұлт ұрпағын көбейту. Бұл үдеден шығу үшін дені сау ұрпақты өмірге әкеліп, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру қажет. Мұндай тапсырманы өз Жолдауында

Мемлекет басшысы да нақтылап берген еді. Әлбетте, демографиялық ахуалды жақсартуда ана мен баланың денсаулығы маңызды рөл атқарады.

Еліміздің жер көлемінің үлкендігіне қарамастан, онда тұратын халық санының аздығын ескерсек, еліміздің келешегіне әрбір жүктілік пен дүниеге келетін барлық баланың өмірін аман алып қалу өте маңызды.

Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдары еліміздегі демографиялық ахуал күрт төмендеп кеткені белгілі. Соның нәтижесінде халықтың жалпы өлімі ұлғайып, бала туу деңгейі азайды. Елімізде 1991 мен 2000 жылға дейінгі аралықта тірі туған 1000 балаға шаққандағы сәбилер өлімі 1991-1995 жылдары тым жоғары деңгейде болып, содан кейінгі жылдарда біртіндеп төмендей бастады. Десек те, көршілес Ресей, Беларусь елдеріне және Украинаға қарағанда біздің еліміздегі сәбилер өлімінің көрсеткіші әлі де жоғары деңгейде. Соған байланысты бүгінгі күні біздің елімізде сәбилер өлімін азайту өте өзекті мәселеге айналып отыр. Заңсыз түсік жасаудың көбеюі де бұл мәселеге айтарлықтай өз үлесін қосып жатыр.

Заңсыз түсік жасау дегеніміз заңда белгіленген тәртіпті бұза отырып, жасанды

жолмен жүктілікті үзу. Қазіргі таңда түсік жасату процессі кез келген адамға қол жетімді болып тұр. Заңсыз түсік жасаушыларды мемлекеттің демографиялық саясаты да заңсыз түсік жасаудың жауапкершілігі де тоқтата алмай отыр.

Қазіргі кезде барлық мемлекеттерде, соның ішінді біздің елімізде де жасанды түсік жасау көбеюде. Әсіресе, жасөспірімдер арасында түсік жасау үрдісі өсіп келеді. Жыл сайын дүние жүзінде 500 мың бала туу жасындағы әйелдер жүктілік әсерінен қайтыс болады екен. Оның 15%- қауіпсіз түсік жасаудан кейін ауырып қайтыс болған әйелдер. Өлімнің 98%-ы дамымаған елдерге тиесілі. 8 айға дейінгі мерзімде түсік жасаудан қайтыс болу 1000-нан 0,9-3,5-ті құрайды, дамыған елдерде 100 000-нан 1.

Жалпы бүкіл әлемді алатын болсақ, түсік жасаудың 10% әйелді аман алып қалу мақсатында, 3% физиологиялық және психикалық денсаулығын сақтап қалу мақсатында, 2% зорлауда нәтижесінде, 50 % ұрықтың дұрыс дамымауы нәтижесінде, 23% экономикалық және әлеуметтік жағдайларға байланысты, 12 % әйелдердің өтініштері бойынша жасалады екен.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек елімізде ҚР ҚК-нің 319- бабы заңсыз түсік жасату бойынша 2014 жылы 7 қылмыстық іс, 2015 жылы 35 қылмыстық іс (151 қылмыстық іс тоқтатылған), 2016 жылы 10 қылмыстық іс (74 қылмыстық іс тоқтатылған), 2017 жылдың сәуір айына дейін 2 қылмыстық (11 қылмыстық іс тоқтатылған) іс қозғалған. Бұл Бас Прокуратура сайтынан алынған ресми көрсеткіш болып табылады. Бұдан өзге анықталмаған, тіркелмеген заңсыз түсік жасау қылмыстары көп екендігі барлығымызға мәлім. Кейбір бейресми деректерге сүйенсек елімізде күнделікті әртүрлі емханаларда жасырын түрде заңсыз түсік жасалады. Әсіресе, бұл кәмілеттік жасқа толмағандарға және үлкен мерзімдегі жүкті әйелдерге қатысты. ҚР Қылмыстық кодексінің Заңсыз түсік жасау 319-бабының санкциясының қатал емес деп ойлаймын. Осы себепті Қылмыстық Кодекстің 319-бабын қатайтуды ұсынамын:

319-бап. Заңсыз түсік жасау

1. Тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ адамның түсік жасауы- бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жыл мерзімге бас

бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, бірнеше рет жасалған іс-әрекет он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не он жылға дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі бар адамның заңсыз түсік жасауы- белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойғы мерзімге айыра отырып, жиырма мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Абайсызда жәбірленушінің өліміне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан заңсыз түсік жасау- белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойғы мерзімге айыра отырып, отыз мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не өмір бойғы мерзімге бас бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Заңсыз түсік жасау қылмысын көбінесе медициналық қызметкерлер жасырын түрде клиника, ауруханаларда немесе одан тыс жерлерде пайда табу мақсатында жасайды. Қылмыс жасау барысында олар қылмыс жасалған соң қандай салдар болатынын біледі, түсінеді.

Заңсыз түсік жасаған қылмыскер тұлғасын анықтайтын элементтер:

1. жынысы – ер немесе әйел;
2. жасы- 16- ға толған;
3. материалдық жағдайы: әртүрлі;
4. жұмыс орны- медицина саласы.

Жүктілікті заңсыз түсік жасау жолымен тоқтату тек дәрігерді қылмыстық жауапкершілікке тартуға әкеліп соқтырмайды, сондай-ақ түсік жасатқан әйелдің денсаулығына теріс әсерін тигізеді. Әйелдің одан кейін бала табу қабілеті төмендеп, бедеулікке апарып соқтыруы мүмкін.

Жыл санап әлемде түсік жасау, оның ішінде заңсыз түсік жасау үрдісі көбейіп келеді. Бұл заңсыз түсік жасауды реттеу мәселелерін моральді-эстетикалық және діни, экономикалық және саяси, демографиялық және әлеуметтік факторларды ескере отырып дұрыс жолға қою қажет екендігін көрсетіп отыр.

Заңсыз түсік жасау қылмысының көбеюіне көптеген факторлардың әсері бар. Оның ішінде жоғарыда атап өткендей әлеуметтік-экономикалық, материалдық қиындықтар, некеде болмауы, тұрғын-үй жағдайының қанағаттандырмауы, мемлекет тарапынан алынатын жәрдемақылардың аздығы жатады. Сондықтан бұл мәселелердің орынды шешім табуы тиіс. Осы тұрғыда мынадай іс-шаралар жүзеге асыру қажет деп ойлаймын:

1. Халықтың санитарлық-мәдени деңгейін көтеру мақсатында БАҚ-да, көшедегі баннерларда т.с.с жерлерде түсік жасауға байланысты жарнама, видео-роликтер беру қажет.

2. Әйелдердің заңи сауатсыздығын жою мақсатында жүкті әйелдерге ауруханаларда заңи консультациялар беретін арнайы кабинеттер ашу.

3. Мемлекет тарапынан әлеуметтік жәрдемақылардың сомасын өсіру қажет.

4. Жасырын заңсыз түсік жасалатын мекемелерді анықтау үшін арнайы рейдтер ұйымдастырып, аурухана, клиникаларды тексеріп отыру.

Заңсыз түсік жасауды реттейтін заңнама тарихы әр мемлекетте әртүрлі уақыттарда саяси, моральді-эстетикалық, әлеуметтік, діни, демографиялық, ұлттық және өзге де факторларға байланысты өзгеріп отырды. Осы және өзге де факторлардың әсер етуі әртүрлі тарихи кезеңде мемлекеттің нақты мақсат-мүдделеріне қатысты өзгеріп отырды.

Зерттеліп отырған мәселенің діни аспектісіне келетін болсақ, діни моральда түсік жасатуға байланысты әртүрлі көзқарастар болды. Бірақ оларды түсік жасауға қарсы пікірлері ортақтастырады.

Азаматтық және жалпы мораль әртүрлі діни конфессиялардың түсік жасауға деген көзқарастарына қарсылық білдіреді. Олар

тұлға еркіндігіне және таңдау құқығына құрмет білдіру қажет деп санайды және қазіргі дамыған заманда әйелдер заңды және қауіпсіз түсік жасатуға құқылы деп есептейді.

Мен түсік жасауды жүктілікпен күресте қауіпті құрал деп санаймын. Бірақ сонда да әлеуметтік және медициналық қорытындылар бойынша жасанды түсік жасауға рұқсат беретін ҚР-ның заңнамасымен келісемін. Онда көрсетілген әлеуметтік және өзге де көрсеткіштерді қысқартатын болсақ, заңсыз түсік жасау саны күрт өсетіні анық. Сондықтан бұл мәселені толығымен зерттеп, дұрыс шешімін табу қажет.

Осылайша, заңсыз түсік жасатуға елімізде әртүрлі әлеуметтік және экономикалық жағдайлар себеп болуда. Қазіргі таңда елімізде халық санын көбейтеміз, демографиялық жағдайды жақсартамыз деп жатырмыз. Мексика, Бангладеш, Индонезия елдерінде түсік жасауға заңмен тиым салынған. Осы елдерде түсік жасатқан әйел қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болған. Бұл тәжірибені біздің елімізге де енгізу қажет (ерекше жағдайлардан бөлек) деп ойлаймын. «Өмірге сәби әкелетін келіншектерге жеңілдіктер қарастырып, оларға жағдай жасаған жөн. Сонда біздің халқымыз өседі, өнеді, мемлекеттігімізді ұстап тұратын саны да, сапасы да мықты ұлтқа айналамыз», - деп белгілі демограф Мақаш Тәтімөв айтқандай мемлекет тарапынан жүкті әйелдер жағдайын жақсартатын жіне заңсыз түсік жасауды қылмыстық жауапкершілікке тартатын нормативтік актілерді жетілдіру қажет[5]. Ана мен баланың денсаулығын сақтау барысында заңсыз түсік жасаудың алдын алып, тиым салғанымыз жөн.

Заңсыз түсік жасауға жауапкершілікті көздейтін қылмыстық заңнама ары қарай зерттеуді қажет етеді. Қазіргі уақытта бұл сұрақ маңызды әлеуметтік мәселені шешуге тікелей қатысты болғандықтан Қазақстанда өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Елдегі демографиялық ахуалдың өсуі үшін заңсыз түсік жасауды қылмыстық жауапкершілікке тарту арқылы жақсартуға болады деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі
- 2 Авдеенкова М.П., Дмитриев Ю.А. Право на физическую свободу // Государство и право. – 2005. – С6 3. – С. 13-22.

- 3 Бояров С. Определение начала жизни человека в уголовном праве // Уголовное право. – 2004. – С6 12. – С. 13-14.
- 4 Бородин С.В. Преступления против жизни. – СПб.: Изд-во «Юр.центр Пресс», 2003. – 467 с.
- 5 Линик Л.Н. Конституционное право на жизнь: введение в теорию. – Чебоксары, 2005. – С. 23.
- 6 Никифоров Б.С., Решетников Ф.М. Современное американское уголовное право. – М., 1990. – С. 108.
- 7 Нуркаева Т.Н. Личные (гражданские) права и свободы человека и их охрана уголовно-правовыми средствами. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2003. – С. 103-104.
- 8 “Врачебные правонарушения и уголовная ответственность за них” И.Ф.Очарков. М. Медицина 1966 г.
- 9 Курс советского уголовного права / под ред. А.А. Пионтковского. Т. 5. – М.: Наука, 1971. – С. 22
- 10 Попов А.Н. Преступления против личности при смягчающих обстоятельствах. – СПб., 2001. – С. 27.

Қамбаров Азамат Қамбарұлы

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, заң факультеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Почталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абая қ., 94.

Ұялы тел.: +7 775 299 85 84

Стамбеков Еркебулан Бейбутұлы

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, заң факультеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы

Почталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абая қ., 94.

Ұялы тел.: +7 775 7301888

Жанатаева Меруерт Әсетқызы

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, заң факультеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы

Почталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абая қ., 94.

Ұялы тел.: +7 775 9825654

Заңсыз түсік жасаудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы

Қамбаров Азамат Қамбарұлы

Должность: старший преподаватель кафедры уголовно правовых дисциплин юридического факультета, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

Сот. тел.: +7 775 299 85 84

Стамбеков Еркебулан Бейбутұлы

Должность: преподаватель кафедры уголовно правовых дисциплин юридического факультета Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

Сот. тел.: +7 775 7301888

Жанатаева Меруерт Әсетқызы

Должность: преподаватель кафедры уголовно правовых дисциплин юридического факультета Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

Сот. тел.: +7 775 9825654

Уголовно-правовая характеристика незаконных абортов

Kambarov Azamat

Position: Senior Lecturer, Department of Criminal Law Disciplines, Faculty of Law, Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Abay, 94.

Cells. ph.: +7 775 299 85 84

Stambekov Erkebulan

Position: teacher, Department of Criminal Law Disciplines, Faculty of Law, Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Abay, 94.

Cells. ph.: +7 775 7301888

Zhanataeva Meruert

Position: teacher, Department of Criminal Law Disciplines, Faculty of Law, Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Abay, 94.

Cells. ph.: +7 775 9825654

Criminal law characteristics of illegal abortion